

**Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 2 ақпандағы N 141 қаулысына толықтыру мен өзгерту енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1996 жылғы 8 шілде N 850. Күші жойылды - ҚРҮ-нің 1996.09.27. N 1183 қаулысымен.

Қазақстан Республикасы Үкіметі қаулы етеді:

"Қазақстан Республикасының 1996 жылға арналған инвестициялық бағдарламасы туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 2 ақпандағы N 141 қаулысына толықтыру мен өзгерту енгізілсін:

аталған қаулының 1-қосымшасы мынадай мазмұндағы рет нөмірі 11-жолмен толықтырылсын:

"11. Германия Ақтөбе облысындағы Жаңажол кен орнында қуаттылығы 150 мың кВт газ турбиналары электр станциясының құрылысы ("Батыс Қазақстанның тұтынушыларын электрмен жабдықтауды тұрақтандыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 2 мамырдағы N 538 қаулысы);

80,7 млн.\$ "Актюбинск-энерго" АҚ;

"жиыны" деген жолдағы 294 млн.\$ деген сан 374,7млн.\$ деген сөзімен ауыстырылсын.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК